

Өз балаңызды жақсы білесізбе?

Сәлеметсіздер ме! Қымбатты ата – аналар! Бүгінгі «Бірліктің барар жері – Мәңгілік ел» ашық есік күніне орай ұйымдастырылған «Мен және біз» тренингке қош келдіңіздер. Бүгінгі біздің отырысымыз ерекше болады деген үмітпен тренингті бастаймыз. Тренингіміздің ерекшелігі сол, тәрбие процесіндегі қиындықтарды біз боп, сіз боп пікірлесе отырып, ойымызды түйіндеп, өмір жолында пайдалану.

Отбасы — Адам баласының алтын дінгегі. Өйткені адам ең алғаш шыр етіп дүниеге келген сәтінен бастап, осында ер жетіп, отбасының тәрбиесін алады. Сондықтан да отбасы — адамзаттың аса қажетті, әрі қасиетті алтын бесігі. Бала қанша білім алып, мектеп табалдырығын аттағанымен, оның өмірінің көп бөлігі әке — шешесінің қасында өтеді екен. Ал сіздердің ата — ана, өміріңізде үш рет мектепке баратыныңызды әрқашан естен шығармаңыз. Бірінші рет – өзіңіз, екінші рет – балаңыз, ал үшінші рет – немереңіз барады екен. Ендеше бүгінгі сабағымызға қатысып отырған ата — аналарға әрдайым осы балаларыңыздың қорғаны болып, немере сүйіп мектепке келе беріңіздер демекпіз!

II. Негізгі бөлім

1. Жаттығу «Өз балаңызды жақсы білесіз бе?»

Мақсаты: Ата — анамен баланың ортасындағы қарым — қатынасты анықтау.

Әр қатысушыға доп лақтырып, төмендегідей сұрақ қойылады.

1. Балаңыздың жақсы көретін түсі қандай?
2. Қандай тағамды сүйсініп жейді?
3. Балаңыздың атын еркелеткенде қалай атайсыз?
4. Балаңыздың ең жақын досының есімі кім?
5. Сүйіп оқитын пәні?
6. Балаңыз мектепте нешінші кабинетте оқиды?
2. Балаңыз қандай мультфильмді жақсы көреді?
3. Балаңыздың сынып жетекшінің толық аты-жөні?
4. Балаңыз қай жылдан бастап мектепке келді?
5. Балаңыздың сыныбында неше бала оқиды?
6. Директордың толық аты-жөні?
7. Балаңыздың жақсы көретін киім үлгісі?
8. Балаңыз сыныпта кімнің жанында отырады?
9. Күніне балаңыз қанша ақша жұмсайды?
10. Балаңыз кітапханаға неше рет барды?

11. Жаттығу «Бақыт деген не өзі»

Кез келген адамнан өмірдегі ең қалаулы нәрсесі не екенін сұраңызшы.

«Мен тек бақытты болғым келеді» Біз бәріміз де сол үшін өмірге келгенбіз. Бірақ бақыт деген не?

Ата – аналар, қатысушылар өз ойларымен бөліседі.

Ортаға сынып жетекші шақырылып тапсырма беріледі: бүгінгі

қатысушылардың ішінен ең бақытты деген кісілерді орын — орнымен тұрғызу.

Әрине «Қанағат қарын тойғызады», ендеше қанағат болған жерде бақыт та болады. Басқаларға қуаныш, бақыт сыйласаң, өзінде бақытқа кенелесің. Өмірдің қызығы да осында!